ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰРЫЛТАЙ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ САПАЛЫ ӘРІ ЖЕДЕЛ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

2-бетте

АЙМАҚ

МИНУТЫНА 1000-НАН АСТАМ ЖӨРГЕК ШЫҒАРАДЫ

3-бетте

АҚПАРАТ

АҚМОЛАДА НАУРЫЗДАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №31 (1890) 20 наурыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Олжас Бектенов Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркендеудің жаңа бағыттары және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жұмыстары жөнінде баяндады.

Биылғы қаңтар-ақпан айларында экономиканың өсімі 5,4 пайызды құрады.

Премьер-Министр Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы жүктеген ірі инфрақұрылымдық және энергетикалық жобаларды іске асыруға, цифрландыру мен адами капиталды дамытуға қатысты міндеттерді орындау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы жетекшілік ететін Республикалық штабтың су тасқынына қарсы іс-шаралар жөніндегі есебін тыңдады. Жағдай тәулік бойы бақылауға алынған. 37 мыңнан астам қызметкер мен 13 мың техника дайындалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын қолдау, инвестиция тарту және әлеуметтік саясатты жетілдіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

AKORDA.KZ.

ҚҰТТЫҚТАУ

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Көгімізде күн күлімдеп, жерімізде гүлдер бүр жарып, қытымыр қыстың ызғары кетіп, әз-Наурыз есігімізді қақты. Бұл – халқымыздың сан ғасырлық салт-дәстүрін жаңғыртып, жаңа өмірге қадам басатын шуақты мереке! Бұл күн – тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, кешірім мен татулықтың, ырыс пен ынтымақтың, үміт пен сенімнің символы.

Наурыз – ырыс пен берекенің, татулық пен жасампаздықтың белгісі. Бұл күні адамдар бір-біріне ақ тілек айтып, реніштерін ұмытып, жүректеріне жылу ұялатады.

Наурызда айтылған ақ тілек қабыл болады, дейді. Ендеше, шаңырақтарыңыздан шаттық, дастарханда рыңыздан ырыс кетпесін! Ақ мол болсын, көңілдер кең болсын!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

Құрметпен, «SALYQ TÁRTIBI» газетінің редакциясы.

ЖАҢА НЫСАН

ҚОСТАНАЙДА ІРІ ВАГОН ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫ САЛЫНАДЫ

Нысанның қазығы Бейімбет Майлин ауданына қарасты Тобыл кентінде қағылмақ. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов Қытай тарабының тең инвесторы, WEINENGDA IMPORT AND EXPORT (HUBEI) CO., LTD компаниясының вице-президенті Шан Фин ЛИ ханыммен және Қазақстан тарабының тең инвесторы, «Tulpar Rail Technologies» ЖШС директоры Мырзахмет Абылғазиевпен ауқымды жобаны талқылады.

Болашақ нысан аумағында жүк вагондары мен локомотивтердің қосалқы бөлшектерін шығаратын үш цех, инженерлік машина құрастыратын бір цех, контейнерлер сақтау орталығы және қоймалар орналасады. Сондай-ақ қызметкерлер мен жұмысшылар жатақханасын, әкімшілік кеңсе салу да жобаға енгізілген. Бұл үшін Тобыл елді мекені аумағынан кем дегенде 171 гектар жер қажет. Газ, су, электр тартылып, кірме жолдар да салынуы керек. Егер жоба толық жүзеге асса, 100 жаңа жұмыс орны құрылмақ.

– Үш негізгі бағытты дамытуды көздейтін стратегиялық жоспарымыз бар. Біріншісі – Қостанай облысын машина жасау орталығына айналдыру. Екіншісі – ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді оң жолға қою. Үшіншіден, осы кезге дейін сыртқа шикізат күйінде экспортталып келген қара металлургияны өзімізде өңдейтін зауыт салу. Осы жоспарларды жүзеге асыру үшін ірі жобалар қолға алынып жатыр. Бұдан бөлек, «KIA» зауыты, жүк көліктерінің қосалқы бөлшектерін шығаратын зауыт, локализация орталығы салыну үстінде. Осы салаларды тиімді дамыту үшін заманауи көлік-логистикалық инфрақұрылым қажет. Егер жоба жүзеге асса, депо өңірдің теміржол тасымалы жүйесінде маңызды буынға айналып, жылжымалы құрамды жөндеу және қосалқы бөлшектер өндіру ісін жолға қоюға мүмкіндік берер еді. Сондықтан облысымыз үшін сіздер ұсынып отырған жоба өте қажет. Есігіміз өздеріңіздей инвесторларға әрдайым ашық. Барлық қажетті қолдауды көрсетуге дайынбыз, – деді өңір басшысы.

Қазақстан тарабының тең инвесторы, «Tulpar Rail Technologies» ЖШС директоры Мырзахмет Абылғазиев өндіріс нысанының экономикалық тиімділігі, цехтар қызметі, шығарылатын вагон бөлшектері және басқа да негізгі жоспарлар туралы кеңінен ақпарат берді.

– Алдын ала құрылып отырған жоспар бойынша, жобаны 2025-2026 жылдары жүзеге асыру көзделіп отыр. Өнімдердің сапасы жоғары болуы үшін заманауи технология мен құрылғы-жабдықтар енгізіледі. Қосалқы бөлшектер мен өнімдерді сақтайтын қоймалардың қуаттылығы да логистикалық операцияларды жүргізуді жеңілдете түседі. Бұл, әлбетте, сіздердің экономикалық дамуларыңызға зор серпін. Жобаны іске асыру қолға алынғанда, бастапқыда 10 миллион доллардан артық қаржы құйылады. Тағы бір айта кетерлігі, қажетті өнім толығымен осы өндіріс орнында шығарылмақ, – деп атап өтті ол.

Вагон жөндеу депосы Тобылдан бөлек Қазақстанның тағы үш өңірінде салынады. Атап айтқанда, Ақтауда (25 миллион доллар), Арыста (35 миллион доллар) және Достық (15 миллион доллар) елді мекенінде пайда болмақ. Ең көп қаржы – 38,5 миллион доллар Қостанай облысына бағытталғалы отыр.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ

ТАРАЗДА ЖАҢА КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Тараз қаласындағы Абай даңғылы бойында теміржол үстінен өтетін жаңа көпірдің іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Бұл көпір тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін салынуда. Жол өткелінің ұзындығы 0,946 шақырымды құрайды және оны «Қазақдорстрой» ЖШС салады. Мердігер компания барлық сапа стандарттарын сақтай отырып, озық инженерлік технологияларды қолданатын болады. Көпір екі жеделсатымен жабдықталып, аумақты абаттандыру, жарықтандыру, бағдаршам орнату жұмыстары жүргізіледі.

Жаңа көпір қала орталығын теміржол желісінің арғы жағында орналасқан тұрғын аймақпен байланыстырып, көлік қозғалысын жеңілдетеді. Бұл инфрақұрылымдық жоба Тараздың көлік-логистикалық жүйесін жетілдіруге, көлік қозғалысының тиімділігін арттыруға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Тараз қаласы кеңейіп, оған Байзақ және Жамбыл аудандарынан 14 елді мекен қосылды, бұл көлік ағынының артуына себеп болуда.

Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидасы бойынша көптеген маңызды жобалар жүзеге асырылып, өңірлердің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Жаңа көпір екі әкімшілік аудан арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, көлік-логистика саласының дамуына оң әсерін тигізеді.

Облыс орталығында тағы бір маңызды жобаның құрылысы жоспарлануда. Ол-Абай даңғылы мен Сыпатай батыр көшесінің қиылысынан Жамбыл даңғылына дейін созылатын жол өткелінің құрылысы. Бұл жобалар аймақтағы көлік инфрақұрылымын одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Салтанатты іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бекболат Орынбеков, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұқаш Ескендіров, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев және «BI GROUP» директорлар кеңесінің мүшесі Бауыржан Исабаев қатысты.

Г. ЖҰМАҒАЛИ. Тараз қаласы.

ФЕСТИВАЛЬ

ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Наурызнама онкүндігінің бесінші күні — Ұлттық киім күні. Осы орайда Ақтөбеде ашық аспан астында «Этно-fashion Aqtobe-2025» ұлттық киім фестивалі өтті. Аталмыш іс-шараға екі мыңнан астам адам қатысты. Мақсат — ұлттық киімді ұлықтау.

Сәукеле, бөрік киіп, оюланған әшекей бұйымдар таққан қыз-келіншектер мен жадағай киген жігіттер Өнер орталығынан бастап «Қазақ халқына мың алғыс» стеласына дейін тізіліп, жаяу жүріп келді. Сахнада жергілікті әншілер ән айтып, күйшілер күй тартты.

Бұдан кейін ұлттық киім киген қыз-жігіттер сән үлгілерін көрсетті. Әсіресе жергілікті тігіншілердің заманауи сәндік киімдері келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Кимешек киген әжелер мен тақия, шапан киген аталар да фестивальге ерекше сән берді. Әсіресе ұлттық киім киген жастар мұндай іс-шараның дәстүрлі түрде өтіп тұрғанын қалайтынын айтты.

— Бала кезімде ұлттық киімді тек Наурыз мерекесінде ғана киетін едік. Ол уақытта насихат әлсіз болды ма, әлде қазіргідей сән үлгілері дамымағандықтан ба, аса қызықпайтын едік. Ал, қазір ұлттық киімді тек мерекеде емес, былайғы күндері де киеміз. Өзім оқитын медициналық колледжде әр жұма сайын ұл-қыздар ұлттық киім киіп келеді. Оюланған заманауи үлгідегі киімдерді күнде киіп жүретіндер бар. Жалпы, ұлттық киім рухымызды көтеретінін өсе келе түсіндім, — дейді Сымбат Қуанышева.

К. ҚОПАЕВА. Ақтөбе облысы.

ҮКІМЕТ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ САПАЛЫ ӘРІ ЖЕДЕЛ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Премьер-Министр Олжас Бектенов биылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында айтылған Президент тапсырмаларын жүзеге асыру мәселесі бойынша кеңес өткізді.

«Мемлекет басшысы IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде ішкі саясат пен экономика саласындағы еліміздің алдында тұрған даму бағдарын белгілеп берді. Экономиканың өсуіне, ірі инфрақұрылымдық және энергетикалық жобаларды жүзеге асыруға, цифрландыру мен адам капиталын дамытуға қатысты көптеген маңызды мәселелерге назар аударылды. Ең бастысы – Президент тапсырмаларын сапалы орындау», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Министрліктердің жүктелген міндеттерді жүзеге асырудағы тәсілдері тыңдалды.

Премьер-Министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин экономиканың өсуіне жаңаша серпін беру және өңірлік дамудағы теңгерімсіздіктерді жою, әділ және тиімді салық жүйесін дамыту, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру жұмыстары туралы баяндады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025-2030 жылдарға арналған өңірлік саясат тұжырымдамасының жобасы мен шекара маңындағы аумақтарды дамыту бойынша жеке заң әзірленеді.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Президенттің тапсырмасы аясында алдағы екі жылда энергия жүйесінің қуатын шамамен 3 ГВт-қа арттыратын бірқатар жаңа жобаларды іске асыру жоспарланып отырғанын хабарлады. Бұдан басқа, 2026 жылы Қашағандағы қуаты 1 миллиард м3 жаңа газ өңдеу зауытын, «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбырын және «Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбырының екінші желісін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ атом саласын дамыту мәселелеріне назар аударылды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев бюджеттік жоспарлау саласына жасанды интеллектіні енгізу және бюджеттің кіріс және шығыс бөлігін болжаудың зияткерлік моделін әзірлеу туралы баяндады. Сондай-ақ дата-орталықтардың қуатын ауқымды кеңейту жоспарлануда, бұл Қазақстанның өңірлік «IT»-хаб ретіндегі ұстанымын нығайтады.

Көлік инфрақұрылымын дамыту шеңберінде «Астана – Жантеке – Егіндікөл–Арқалық – Торғай – Ырғыз» бағыты бойынша жалпы ұзындығы 791 шақырым дәлізді енгізу есебінен орталық және батыс өңірлер арасындағы жолды қысқарту жоспарлануда. Ол үшін «Астана – Жантеке», «Жантеке – Егіндікөл», «Арқалық–Торғай» жол учаскелерін жөндеумен қамту көзделген. «Ырғыз – Торғай» және «Арқалық – Егіндікөл» арасындағы жолдарды салу қажет болады. Арқалық әуежайына да жаңғырту жасалады: заманауи аэровокзал салу және ұшу-қону жолағын жаңарту көзделіп отыр.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева кино саласындағы заңнаманы күшейту бойынша басталған жұмыстар, балаларға арналған қазақ анимациясын дамыту жоспары туралы баяндады. Президенттің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шарттарын қайта қарау және үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру туралы тапсырмаларын орындау мақсатында ҮЕҰ өкілдерінің арасынан сараптамалық комиссия құрылды. Сондай-ақ ЮНЕСКО қамқорлығымен Мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленгені атап өтілді.

Білім беру саласында «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы шеңберінде өскелең ұрпақты зорлық-зомбылықтан қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сапалы білім мен медициналық қызмет көрсетуге қол жеткізуге, ерекше қажеттіліктері бар балаларға тең мүмкіндіктер беруге бағытталған арнайы заң әзірленетін болады. Елімізде 11 «аутизм» орталығы жұмыс істейді, әр аймақта тиісті мекемелер ашу қажеттілігі атап өтілді. Сонымен қатар, сұранысқа ие мамандықтарды даярлау үшін жағдай жасау да алдағы жоспарлардың қатарында тұр. Сапалы инфрақұрылымды дайындауға ерекше назар аударылатын болады. Мәселен, 1,2 мың орынды халықаралық колледж салу жоспарланған.

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов футболды дамыту шаралары туралы хабарлады. Бүгінгі таңда Қазақстанда 28 негізгі стадион бар. «ALAN» футбол алаңдарын жаңарту жобасы аясында соңғы екі жылда 18 алаң жаңғыртудан өтті, биыл тағы 9 алаң жаңартылады.

Биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі тапсырмаларды іске асыру туралы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев баяндады. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісі 35 жыл ішінде 869 мың гектардан 30,9 миллион гектарға дейін кеңейтілді. Жануарлардың сирек кездесетін түрлерін, соның ішінде барысты қорғау және «тұран» жолбарысы мен «Пржевальский» жылқысы сияқты жойылып кеткен түрлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта киіктің саны рекордтық 4,1 миллион басқа жетті, одан әрі өсу күтіліп отыр. Табиғатты қорғау шараларын нығайту мақсатында биоәртүрлілікті сақтау тұжырымдамасы әзірленуде, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасы шеңберінде экологиялық мәдениетті нығайту бойынша жұмыстар атқарылуда.

Еліміз АӨК-те астық пен ұн экспортындағы ұстанымын нығайтуды жалғастырып, терең өңдеу қуатын арттыруда. Алдағы үш жылда 1,5 мың жұмыс орнын ашатын жалпы құны 560 миллион доллар-ды құрайтын үш ірі жоба іске қосылады.

Премьер-Министр өз сөзінде Мемлекет басшысы атап өткен бағыттар бойынша сапалы және жедел жұмыс істеу қажеттігін атап өтті. Министрліктер мен әкімдіктерге бірқатар тапсырма берілді. Салық реформасы шеңберінде түзетулердің бірінші пакеті Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

«Кейбір мәселелерді түбегейлі шешуге мүмкіндік беретін қосымша ұсыныстар әзірленді. Бұл ретте бюджет қаражатын оңтайлы жұмсауға және республикалық бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз етуге баса назар аударған жөн», — деп атап өтті Олжас Бектенов. Қаржы министрлігіне және мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

ЦДИАӨМ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторда жаңа цифрлы технологияларды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды. Бұл жұмысқа «IT»-мамандарды тарту қажет.

«Мемлекет басшысы Үкіметке Астанадан Торғай өңірі арқылы «Транскаспий» көлік дәлізіне тура шығатын жаңа автокөлік жолының құрылысына кірісуді тапсырды. Көлік министрлігі осыған дейін әзірленген техника-экономикалық негіздеме мен жобалау-сметалық құжаттаманы жедел өзектендіріп, қаржыландыру көздерін анықтасын. Жол құрылысына биыл кірісу қажет», — деп атап өтті Премьер-Министр.

АШМ-ге астықты терең өңдеу және экспортты дамыту бойынша кешенді жоспар әзірлеу тапсырылды. ЭТРМ Үкіметке табиғи биологиялық әртүрлілікті сақтау жөніндегі халықаралық қор құру туралы шешім жобасын енгізуі қажет. Туризм, Мәдениет министрліктері аймақ басшыларымен бірлесіп, әр өңірде туристер үшін тартымды орындарды насихаттау шараларын пысықтауы қажет. Қазақстанның табиғи және мәдени байлығының «Ұлттық атласын» құру тапсырылды.

ІІМ мәдениет және Ақпарат министрлігімен бірлесіп, 2025-2030 жылдарға арналған заң және тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі тұжырымдаманы пысықтауды, сондай-ақ нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу жөніндегі таяу кезеңге арналған жаңа бағдарламалық құжатты әзірлеуді тапсырды. Атом энергетикасын, театрларды, киноларды, ғылыми қалаларды дамыту, білім беру, медициналық және спорт нысандарын жаңғырту бойынша бірқатар міндет жүктелді. Сонымен қатар, ТЖМ мен әкімдіктерге ауқымды су тасқынына жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қабылдау, сондай-ақ ахуалға тәулік бойы мониторингті қамтамасыз ету тапсырылды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БОЛАДЫ

Ұлттық құрылтай қоғам алдындағы өзінің тарихи миссиясын қапысыз орындап келеді. Еліміздің бас жиыны қоғамда қордаланған әртүрлі проблемалардың шешім алаңына айналды. Бұған дейінгі Құрылтайлар мінберінде көтерілген проблемалар негізінде қырықтан астам нақты бағыттар айқындалып, бағдарламалар бекітіліп, шешімін тапқан екен. Биылғы Құрылтайдың да осындай өміршең, баталы бастамалары көп болды.

Олар жайында алдағы уақытта айтыла жатар, мен осы Құрылтайдан өзіме ерекше әсер еткен бір ахуалды баян етсем деймін. Бүкіл ел назар тігіп отырған жоғары деңгейлі жиынға Көкшетау елі тас-түйін дайындық жасаған екен. Кешегі хандарымыздың ту тіккен жері, кейінгі ұлт руханиятының ұстындары, бір-бір биігі Біржан сал, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайлардың ізі, нұры қалған елдің азаматтары кеңестің жоғары дәрежеде өтуіне, ұйымдастырылуына ерекше атсалысты. Халқымыздың тамаша бір қасиеті қонақжайлығымызды барынша паш етті.

Құрылтайда еліміздің қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты, ішкі ынтымақты көздің қарашығындай сақтай отырып, сыртқы ықпалдастықты да өркениет жолымен жалғап келе жатқанына тағы бір куә болдық. Халқымызда «Береке басы– бірлік» деген ұлағатты сөз бар. Бірлігі бекем ел ғана мықты болады. Бірлік бар жерде тірлік болады. Біз – мұраты биік, мақсаты анық елміз. Олай болса, бір атаның баласындай бірлігіміз жарасып, тәуелсіз Қазақстан Республикасын одан әрі дамыту жолында жан аямай еңбек ету, лайықты үлес қосу–әрбір азаматтың қасиетті борышы. Тек солай ғана біз алдымызда тұрған үлкен сындарды еңсере аламыз, асуларды бағындырамыз. Азаматтық қоғамның кемелдігі де осындай сындарлы бастамаларды қаншалықты қостағанымызға қарап анықталмақшы.

Кешегі Құрылтайдан біз түйген негізгі ой осы. Бүгінгі ахуалға деген төзім мен сабыр, ертеңгі күнге деген үміт пен сенім ғана елімізді алға бастайды, ұшпаққа шығарады.

Н. ДУЛАТБЕКОВ,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, ҰЛТТЫҢ РУХЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында ұлттық киімге қатысты айтқан сөзі қоғамда зор қолдау тауып отыр. Шындығында, ұлттық киім – әрбір халықтың болмысын, тарихын, дүниетанымын бейнелейтін құндылық. Сондықтан оны тек мерекелік іс-шараларда ғана емес, күнделікті өмірде де кию – ұлттық сананың жаңғыруына жасалған нақты қадам.

Ұлттық киім – бұл халықтың өмір салтын, салт-дәстүрін, дүниетанымын айқын көрсететін мәдени құндылық. Қазақтың шапаны, сәукелесі, камзолы мен бешпенті – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан болмысын бейнелейді. Біле білсек, әрбір ою-өрнекте, түстердің үйлесімінде терең мағына жатыр.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бет-жүзді толық тұмшалайтын қара киімдердің біздің ұлттық болмысымызға сай келмейтінін баса айтты. Расында да, қазақ әйелдері ертеден ашық жүзді, еңсесі тік, сәнді киінген. Сәукеле мен камзол, үкілі тақия мен қос етек көйлек – қазақ әйелінің сұлулығын одан әрі айшықтай түсетін киімдер. Сондықтан дәстүрлі киім үлгілерін қайта жаңғырту – мәдени мұрамызды дәріптеудің бір жолы.

Елімізде Наурыз мейрамы он күн бойы әртүрлі атаулы күндермен атап өтіліп келеді. Осы он күннің ішінде ерекше мәнге ие болғаны – «Ұлттық киім күні». Бұл күн халықтың зор қолдауына ие болып, ұлттық киімге деген сұранысты арттырды. Кейінгі жылдары қазақы ою-өрнекпен көмкерілген киімдер тек ұлттық мерекелерде ғана емес, күнделікті өмірде де киіле бастады. Бүгінде бұл үрдістен мектеп оқушылары да қалыс қалмауда. Мәселен, біздің мектепте әр жұма - ұлттық киім күні. Барлық ұстаз бен оқушы ұлттық нақышта киініп жүреді. Әр сыныптың таңдап алған өзіндік бірегей үлгісі бар. Сондай-ақ Наурызнаманың онкүндігі басталғалы бері мектептегі стиль ұлттық киімге ауысты.

Ұлттық киімді насихаттау – қазақтың мәдени мұрасын дәріптеумен қатар, отандық өндірісті дамытуға да ықпал етеді. Бүгінде тігін шеберханалары көбейіп, ұлттық нақыштағы брендтер де пайда бола бастады. Бұл – экономикамызға да оң әсерін тигізетін маңызды фактор. Егер ұлттық киімге деген қызығушылық арта берсе, болашақта қазақы киімдерді әлемдік нарыққа шығару мүмкіндігі де кеңейе түспек.

Президент айтқандай, ұлттық бірегейлікті нығайту – әрбір азаматтың міндеті. Бұл тек киімге қатысты емес, ұлттық дәстүрлерді сақтауға, мәдени мұраны жаңғыртуға да тікелей байланысты. Біздің мақсат – ұлттық киім киюді сәнге айналдыру ғана емес, оны мақтан тұту, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Өйткені, ұлттық киім – ұлттың жаны, ұлттың рухы.

Ө. ЕРҒАЛИЕВ,
Әл-Фараби атындағы «BINOM-"SCHOOL» мектеп-лицейінің директоры. Атырау қаласы.

СЫР ЕЛІНЕ АРТЫЛҒАН СЕНІМ ЖӘНЕ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларын орындау мәселесі қаралған Үкімет отырысынан кейін Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет отырысында қаралған мәселелер бойынша мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктеді, – деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына және халқымызға «қазақ» атауының қайтарылғанына бір ғасыр толды. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуы тиіс» деп ерекше атап өтті. Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды.

Бұл бастама барша Сыр жұртшылығына артылған сенім және абыройлы міндет екенін түсінуіміз қажет. Құрылтайдың кезекті отырысын Алаштың анасы атанған қасиетті Сыр өңірінде өткізудің тарихи тұрғыдан маңызы зор. Дайындыққа осы бастан кірісіп, құрылтайды жоғары деңгейде ұйымдастыруымыз керек.

Облыстық қоғамдық даму басқармасына Ұлттық құрылтай отырысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобын құруды тапсырамын. Жұмыс тобының құрамына облыс әкімінің орынбасарларын, басқарма, департамент басшыларымен қатар зиялы қауым, азаматтық қоғам өкілдерін, тарихшы ғалымдарды қосу қажет. Топ жұмысын үйлестіру облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов жүктеледі, – деді Н.Нәлібаев.

Қ. САБЫРҰЛЫ.
Қызылорда облысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

КЕНШІЛЕР ӘУЛЕТІ

«Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Өркен-Атасу» өкілдігіне қарасты «Батыс Қаражал» шахтасы талай шахтердің жүріп өткен жолына, тағдыр-тарихына айналды. Осы шахтада еңбегімен ер атанған кеншілер де аз емес. Кен ұңғылау жұмыстарында ұжымымен бірге айлық жоспарды ойдағыдай орындап, шахтер мамандығының қадірін арттырып жүргендердің бірі – ұңғылаушы Нұрбол Көзжанов.

Қайсарлық пен өр мінез – адам бойындағы асыл қасиеттердің ең биігі десек, «Батыс Қаражал» шахтерларының қайсысын алсақ та, жаратылысы бөлек, білектің күшімен кен қазған от кеуделі қайсар жандар.

Нұрбол Төлеубайұлы өндіріске осыдан 13 жыл бұрын келген болатын. Ол кезде «Батыс Қаражал» шахтасы кешегі оңтайландыру жылдарынан кейін ырғақты жұмысқа көшіп, қарқын алып келе жатқан уақыт. Еңбек жолын ұңғылаушының көмекшісі жұмысынан бастаған. Бір жыл көмекші-үйренуші болып жүріп, өндіріс жанындағы арнаулы курста ұңғылаушы мамандығына оқыды. Өзінің еңбекқорлығының, жұмысын аяқсыз қалдырмай, келесі ауысымға орнын таза күйінде тапсыратын, жұмысқа жауапкершілігінің арқасында өз алдына жеке ұңғылаушы болып ауысады. Владимир Гуреев деген тәлімгерден түлеп ұшып, шахтер кәсібінің қыр-сырына қанық болып шығады. Әлі күнге дейін ұстазына шын ризашылығын білдіріп, әр жетістігінің артында ол кісінің еңбегі жатқанын айтады.

– Мен негізі ауылдың баласымын. Жаңаарқа ауданының Қылшекен ауылында туып-өстім. Әкем осы совхозда жылқышы болды, анам жылқы сауды. Бастауыш мектепті Қылшекенде бітіріп, 5-сыныпты Қаражал қаласындағы интернатта жатып оқыдым. Осы жерде 9-сыныпты бітіріп, сол кездегі кәсіби училищеде газбен-электрмен дәнекерлеуші мамандығына оқып, мамандық алдым, – деп өткен жылдарды есіне алды Нұрбол.

Еңбек жолын «Жәйрем» кен байыту комбинатында дәнекерлеуші болып бастаған Н.Көзжанов комбинаттың жұмысы тоқыраған жылдарға дейін жемісті еңбек етті. Азды-көпті тәжірибе жинақтап, өз ісімен өзгелерге үлгі бола бастады. Алайда, оңтайландырудың салқыны комбинатты тұралатып тынды. Ел өзге аймақтарға жұмыс іздеп кетті. Нұрбол да Қаражалдағы түрменің қоймаларына күзетші болып жұмысқа тұрды. Сол жерде 2012 жылға дейін еңбек етіп, нәпақасын тапты.

– 2012 жылы «Батыс Қаражал» шахтасына жұмысқа тұрудың сәті түсті. Сол сәтте менен бақытты адам болмағандай күй кештім. Осы өндірісте табан аудармай еңбек етіп келемін. Еңбегім жеміссіз де емес. Бірнеше рет марапат та алдым. «Еңбек үздігі» төсбелгісімен марапатталдым. Алдыма мақсат қойып, ақырындап ойлаған ойыма жеттім. Бірнеше жас мамандарға тәлімгер де болдым. Қазір Нұрым деген жігітті тәрбиелеп, үйретіп жүрмін, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Жастық шағынан жұмысына беріліп, әр тапсырманы адал әрі тиянақты орындап жүретін қызметкер ұңғылаушы санаттарына тапсырып, озық қызметкерлердің қатарына қосылады. Уақыт өте кәсіби мерекелерінде Құрмет грамотасымен марапатталып келеді. Бұл да еңбекқорлықтың, кәсіпке адалдықтың тағы бір үлгісі.

– Қара жұмыс мені қажытқан емес. Қайта шыңдай түсті. Біздің шахтада бұрғылау жұмысы өзгелерге қарағанда бөлектеу. Біз негізі қол бұрғымен бұрғылаймыз. Бұрғылайтын шпурлар да жұмыс циклына қарай әр түрлі болады. Оннан он жеті шпурға дейін бұрғылаймыз. Оларды дәрілеп, аттырамыз. Алдыңғы ауысымда аттырылған кенді тиеп, жұмыс орындарымызды жинақтап, дайындаймыз. Осылардың бәрі бізден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Таңертең ауысымға келісімен шпурларды тексеріп, аттырылған жерлердің ауасын тазартамыз, бұрғыларымызды, шлангаларымызды қарап, тазалап аламыз. Жұмысты бәрі қауіпсіз жағдайға келді деген кезде бастаймыз, – дейді ол өз жұмысының тәртібі жайлы да әңгімелей келіп.

Нұрболдың айтқандарынан ұққанымыз, кенді ұңғитын да, оны аттырып, вагондарға тиейтін де өзі. Осы арқылы ауысымдық тапсырмаларын абыроймен орындап, әріптестері арасында үлгі болып жүр.

Тағы бір айта кетерлігі, Нұрболдың бауырлары да осы шахтада еңбек етеді. Ағасы Байболат Көзжанов 2008 жылдан бері «Батыс Қаражал» шахтасында аттырушы болып еңбек етіп келеді. Ал, оның ұлы Еламан Төлеубаев әскерден келген соң әкесі мен ағасының жолын қуып, шахтаға жұмысқа тұрған. Қазір бұрғылаушы болып еңбек етіп жатыр. Осы тұрғыдан келгенде Көзжановтарды «кеншілер әулеті» деп атауға әбден лайық.

Еңбек адамының ақтарыла айтқан әңгімесін тыңдай бергің-ақ келеді. Әр сөзінде мақсатқа жету жолында аянбай еңбек ету керек екенін меңзейді. Негізі, шахтерлердің жұмыс барысы көбіне бір сарынды болғанмен, олардың бір-біріне ұқсамайтын тағдыры, еңбек жолы бар. Әр-бірінің шыққан белесі әртүрлі. Әлі күнге дейін еңбегінде оза келе жатқан Нұрбол Көзжанов та солардың қатарында.

І. БЕЛГІБАЙҰЛЫ.
Ұлытау облысы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

МИНУТЫНА 1000-НАН АСТАМ ЖӨРГЕК ШЫҒАРАДЫ

Сайрам ауданында ауылшаруашылығы мен мал шаруашылығынан өзге кәсіпкерлік сала да жақсы дамыған. Ауданның абыройын көтеріп, мәртебесін асқақтатқандардың көбі шағын және орта бизнеспен айналысып отырған жандар. Бүгінде мұнда «Қазақстанда жасалған» атауымен шығатын тауарлық өнімдер баршылық.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, Сайрам ауданында өндірілетін «Altyn bala», «Oh, Diapers» жөргектері Латвия нарығына шықты. «Capable group» отандық жөргек өндіретін компанияның құрылтайшысы Баянсұлу Оразалиева Қазақстан Республикасының Латвия Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Кәріповпен кездесіп, отандық өнім әлеуетін арттыру жайын талқылады. Елші қазақстандық өнімнің Еуропа нарығына шығуы мақтаныш екенін атап өтіп, кәсіпкерге қолдау білдіретінін жеткізді.

Айта кету керек, «Capable group мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі – елімізде балаларға арналған бір реттік жаялықтар шығаратын алғашқы кәсіпорын. Қазіргі уақытта өндіріс орны 100 адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпорынның бір ерекшелігі, жұмысшылардың 60 пайызын мүмкіндігі шектеулі жандар құрайды.

Бұл компания еліміздің және шетелдің тұтынушыларына сапалы әрі қолжетімді өнімдер ұсынады. Өнімдері жапон технологиясымен Еуропа стандарттарына сай өндіріледі және толық сертификатталған. Заманауи технологиялардың минутына 1000-нан астам жөргек шығаруға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ зауыт толық автоматтандырылған. Одан бөлек, мұнда «Siemens» автоматтандыру жүйесі орнатылған.

А. ӘБІЛ.
Түркістан облысы.

ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТАН БАСТАЛҒАН КӘСІП

Бүгінгі әңгімеміз Жамбыл ауданы, Қаракемер ауылының тұрғыны, «Алтын алқа» иегері Мөлдір Тоқбергенова жайында болмақ. Кейіпкеріміз бала күнінде-ақ аспазшы болуды армандаған. Сол жолда тынымсыз еңбек етіп келеді.

Қара шаңырақта ата-анасы мен балаларының жағдайын жасап келген көпбалалы ана әуелі Қаракемер ауылдық округі әкімі аппаратына маман болып жұмысқа орналасады. Баласы ер жетіп, қызы бой жеткенде бала күнінен арман болған аспаздықты қолға алды. Бастапқыда Тараз қаласындағы дәмханалардың бірінде аспазшы болып еңбек етеді. Сол жерден мол тәжірибе жинап, өзінің жеке кәсібін бастауды жөн көреді. Бұл ойын жолдасы Еркін бірден қолдап, екеуі бизнес жоспар құрады. Мақсаттары халық асыға келетін, бір тағамды басты ас мәзірі етіп, дәмхана ашу болатын.

Ерлі-зайыптылар балық өнімдерін таңдап, «Балық» дәмханасын ашты. Бұл ретте көпбалалы ана ретінде бизнес жобасын ұсынып, қайтарымсыз грантқа қатысты. Идея бірден қолдау тауып, мемлекеттен қайтарымсыз грант жеңіп алды. Осылайша, Аса ауылындағы «Балық» дәмханасын ашқан ерлі-зайыптылар бірлесе жұмысқа кірісті. Олардың басты қолдаушылары – ата-аналары. Бірақ, отағасы өз мамандығы бойынша жұмысты тастамай, екеуін қатар алып жүрді. Ал, шағын кәсіпкерліктегі барлық жұмысты Мөлдір өз мойнына алды.

– Мен бұрын мемлекеттік қызметкер болғанмын. Әлеуметтік салаларда жұмыс жасағаннан кейін көп нәрсені көресің. Жұмыссыздар, жастар, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өзі бос отырмай бір іспен шұғылданып жүр. Мемлекет қолдау көрсетіп жатыр. Ойлана келе тәуекелге бел буып, жұмысымнан шығып, кәсіп бастауды жөн көрдім.

«Бастау-Бизнес» жобасы бойынша онлайн оқып, кәсіпкерліктің қыр-сырын үйрендім. Менің таңдаған бағытым – қоғамдық тамақтану орны. Алайда, онлайн сабақта барлық сала қамтылады. Бизнес жоспар құру, кіріс, шығыс есебі, нарық, яғни барлығын үйретеді. Компьютер арқылы қатысушының деңгейі бағаланады. Республикаға белгілі тренерлер сабақ береді. Бизнестің шыңына шыққан кәсіпкерлердің бейнероликтері көрсетіледі. Нәтижесінде, жоғары балл жинап, курсты аяқтадым. Кәсіпкерлік – үлкен институт. Мен бір ай оқығанда көп нәрсені үйрендім. Оның өзі маған аздық етті. Әлі де оқи беруден, үйренуден жалықпаймын,– дейді кәсіпкер.

Дәмханада бүгінде бірқатар ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылған. Күнделікті жұмыс істейтін тамақтану орнында адам үзілмейді. Бастапқыда барлық тағамды өзі даярлайтын, қазір аспазшыларды да үйретіп, жұмысқа алған. Мұнда аудан тұрғындары мен қонақтары дәмі тіл үйіретін балықтан дәм татуға көп келеді. Одан бөлек астың түр-түрін әзірлейді. Әсіресе, шығыс тағамдарын дәмді етіп даярлауға тырысады.

– Қоғамдық тамақтану орны жауапкершілікті талап етеді. Ас әзірлейтін, ішетін жердің барлығы мүлтіксіз таза болуы тиіс. Мен, ең бірінші, осы мәселеге мән беремін. Осында еңбек ететін барлық аспазшы, даяшыға сол қатаң тәртіп пен талапты үйретемін. Екінші, бағаға назар аударамын. Өйткені, ауыл тұрғындары үшін қызмет қолжетімді болуы керек. Бағаны қатты қымбат етіп, адам аз келгеннен, арзан болса да, көп келгені дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан тағамдардың бағасы қымбат емес. Келушілердің көңілінен шығу үшін барымызды салып, ас әзірлейміз. Үнемі әлеуметтік желі арқылы ізденіп отырамын. Кейбір тағамдардың дайындалу әдісін қағазға түртіп аламын. Болашақта тандыр нан пісіріп сатсам, дәмхананы кеңейтсем деген жоспарым бар. Әрине, бұның барлығы алдағы күннің еншісінде. Ол үшін тынбай еңбектену керек, – дейді дәмхана иесі.

Күнделікті сүйген ісін ерекше ынтаықыласпен жасайтын ұлы мен келініне үйдегі қариялар қолғабыс болып, балаларын қарайды. Олардың немерелері сабақта оқу озаттары екендігін мақтан тұтады. Болашақта анасы бастаған істі жалғап, кәсіпкер болуға ниетті екендерін де жасырмады.

– Енді бізде тек кәсібімізді кеңейту мақсаты тұр. Мемлекетке де айтар алғысым шексіз. Себебі, бизнесімді мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау арқылы бастадым. Енді оны одан әрі табысты жүргізуге талпыныс, еңбек, табандылықпен қатар, қазіргі интернет желісінің де мүмкіндіктерін мол пайдаланып отырмын. Алдағы уақытта жастарға, оның ішінде жұмыссыз азаматтарға өз білгенімді үйретіп, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлап отырмын, – дейді Мөлдір.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда 110 азаматқа қайтарымсыз грант берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табатын болады. Ол жайында аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қуатжан Ошақбайдан сұрап білдік.

– Ауданда мемлекеттік бағдарламалар және кәсіпкерлікті дамыту бағыты аясында аудан тұрғындарына және кәсіпкерлерге қаржы институттары мен екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемемен несиелер беру жұмыстары биыл да жүргізілетін болады. Ауданда бұл бағытта бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Нақты айтсам, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған 400 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қайтарымсыз грант жобасы. Аудан бойынша бұл бағытта 2023 жылы 113 адамға 155 миллион теңге, 2024 жылы 110 адамға 162 миллион теңге берілген. Сонымен қатар, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» мемлекеттік бағдарламасының гранттық қаржыландыру бағыты бойынша конкурсқа «Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіміне» енген кәсіпкерлер және «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистері қатыса алады. Жеңімпазға 5 миллион теңге қайтарымсыз грант беріледі. Бұл бағыт бойынша облыс әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы тарапынан жұмыстар жүргізіледі. Ал, ауыл тұрғындары үшін ең қолайлы бағдарлама «Ауыл аманаты» жобасының 5-ші бағыты бойынша өз кәсібін ашуға немесе дамытуға 2,5 пайыз сыйақы мөлшерлеме негізінде жеке кәсіпкерге 9,2 миллион теңге және мамандандырылған кооперативтер үшін 29,5 миллион теңге несие берілу жоспарлануда. Бұл жұмыстар алдағы бір ай көлемінде басталады. Ал, ең соңғысы – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы берілетін жеңілдетілген несиелер. Жалпы аудан тұрғындарына айтарым, кез келген сауал немесе бастамаларыңыз болса, біз жауап беруге және қолдауға әзірміз. Келіңіздер, сіздерге ақпараттандыру арқылы кеңестерді және кәсіпке бастайтын барлық мүмкіндіктерді көрсету біздің басты мақсатымыз болмақ, – деді бөлім басшысы.

Ал, Мөлдір Тоқбергенова өз шағын кәсібін кеңейту жоспарларын әзірлеуде. Оның алға қойған мақсаты айқын. Біз талаптанып, ізденген жандарға әрқашан мемлекет қолдау көрсетеді деген ойды батыл айта аламыз.

М. ЖҰМАБАЕВ.
Жамбыл облысы.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ – ТМРК. «ЖУАЛЫ СУ» КМК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 9 сәуір күні сағат 11:00-да** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі №78, 7 қабат, 720 кабинет «Жуалы су» КМК–ның тарату желілері арқылы су беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, «Жуалы су» КМК-ның тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса алады.

Сілтеме: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

КРЕМ - ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ. О ПРОВЕДЕНИИ ПУБЛИЧНЫХ СЛУШАНИЙ ПО ЗАЯВКЕ КГП «ЖУАЛЫ СУ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Жамбылской области объявляет о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки проекта тарифа на услуги по подаче воды по распределительным сетям КГП «Жуалы су» который состоится **9 апреля 2025 года в 11:00 часов** по адресу: Жамбылская область, город Тараз, ул. Желтоксан №78, 7 этаж, 720 кабинет.

Между тем сообщаем, что потребители КГП «Жуалы су» и иные заинтересованные лица могут принять участие на публичных слушаниях также и в онлайн режиме на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook».

Ссылка: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

ҚҰСМҰРЫН КЕНТІНДЕ «ҚҰСМҰРЫН ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Аманқарағай ауылы) арқылы су беру қызметтеріне «Құсмұрын жылу энергетикалық компаниясы» МКК-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 26 наурызында сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Құсмұрын ауылы, Карл Маркс көшесі 46 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ПОСЕЛКЕ КУШМУРУН ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «КУШМУРУНСКАЯ ТЕПЛОЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проектов тарифов ГКП «Кушмурунская теплоэнергетическая компания» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (села Аманкарагай).

Публичное слушание состоится **26 марта 2025 года в 11.00 часов** по адресу Костанайская область, п.Кушмурун, ул. Карла Маркса 46.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ - ТМРК. ТАРАЗ ҚАЛАСЫ «ЖАМБЫЛ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІ» ЖШС-НІҢ ХАБАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 2 сәуір күні сағат 11:00-де** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі №78, 7 қабат, 720 кабинетте «Жамбыл электр жүйесі» ЖШС-нің хабарламасын қарау бойынша жария тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

КРЕМ - ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ. В Г. ТАРАЗ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО УВЕДОМЛЕНИЮ ТОО «ЖАМБЫЛСКИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ СЕТИ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Жамбылской области объявляет о проведении публичных слушаний по рассмотрению уведомления ТОО «Жамбылские электрические сети», который состоится **2 апреля 2025 года в 11:00 часов** по адресу: Жамбылская область, город Тараз, ул. Желтоксан №78, 7 этаж, 720 кабинет.

БАБАМНЫҢ САЛТЫН САҚТАҒАН, ҚОШ КЕЛДІҢ, ҰЛЫ МЕЙРАМЫМ!

СТАТИСТИКА

АҚМОЛАДА НАУРЫЗДАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Ақмола облысында 17 Наурыз көшесі бар. Сонымен қатар, Көкшетау қаласының орталығында «Наурыз» сауда кешені жұмыс істеп тұр. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2021 жылдан бастап күні бүгінге дейін 12 ақмолалық сәбиге «Наурыз» есімі қойылыпты.

Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күні тұтас жер бетінде күн мен түн теңеседі. XI ғасырдың өзінде ұлы ғалым әрі ақын Омар Хайям жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың толық циклы аяқтағаннан кейін, олар өзінің бастапқы жүру нүктесіне келіп, жаңа жолдың шеңберді қайта бастайтынын байқайды. Міне, біз осы үшін де Омар Хаямды шығыстың жеті жұлдызының бірі ретінде, әрі Наурыздың жаңа мерзімінің басталуын дәлелдеген ғалым ретінде танимыз.

Біз өз кезегімізде осынау тарихи мәнге ие болған Наурыз атауының өңірде қолданылуы туралы аз-кем мәліметтер жинастырып көрдік. Өкінішке қарай, көп мәліметке қол жеткізе алмадық. Ақмола облыстық ономастикалық комиссиясының мәліметінше, облыс аумағында бүгінде 17 көше – Наурыз аталған. Ал, облыс орталығы Көкшетау қаласының өзінде Наурыз көшесі жоқ. Наурыз атауы қала іргесіндегі оның құрамына кіретін Краснояр ауылының орталық көшелерінің біріне беріліпті. Осы олқылықты ескеріп, облыс орталығының бір көшесіне Наурыз атауы берілсе, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз. Тіпті, күннен-күнге жанданып, уақыт өте түрленіп, жаңарып жатқан көрікті Көкшенің жаңа бір ауданын Наурыз атасақ, қандай жақсы?! Халқымыздың төл мерекесін лайықты тойлауға мұның да өз ықпалы болар еді деп ойлаймыз.

Сондай-ақ елімізде мерекеге байланысты ат қою дәстүр үрдісі атадан балаға жалғасып келеді. Осындай ұқсас атпен аталған көптеген батырларымыз бар екені белгілі. Солардың бірі Наурызбай Құтпанбайұлы, Наурызбай Қасымұлы есімді ел қорғаған тарихи тұлғамыз да бар. Алтын Орданы да Наурыз хан билеген. Сондай-ақ ел арасында Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі және басқа да есімдер көп таралған. Ақмола өңірінде де Наурыз есімі берілген адамдардың қатары жоқ емес, бар. Солардың бірі Бурабай аудандық ішкі істер бөлімінде өз қызметін абыройлы атқарып жүрген Наурызбай Ермұханбетов есімді азамат. Ол өз есімінің ежелгі Наурыз мейрамына орай қойылғанына сенімді.

– Менің есімімнің Наурыз деп қойылуына Кенесары ханның бауыры Наурызбай батырға деген халық құрметінің де қатысы болса керек. Есімімнің осылай аталғанына өз басым ризамын. Біз үшін бұл мереке ерекше, оған жыл сайын зор көңіл бөліп, отбасы, ағайын-туыс болып лайықты атап өтеміз, – дейді Наурызбай.

Осындай тарихы зор мәнге ие Наурыз мейрамына орай, тіпті, көше былай тұрсын, өңірдегі бірер ауыл мен ауданды Наурыз атымен атасақ, артық болмас еді деген ой келеді...

М. ҚУАНЫШҚЫЗЫ.
Ақмола облысы.

НАУРЫЗНАМА

«ШАҢЫРАҚ КҮНІ» АЯСЫНДА БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында Наурыз мерекесін атап өту аясындағы «Шаңырақ күніне» орай әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға, асыраушысынан айрылған балаларға, көп балалы отбасыларға жаңа 60 пәтер берілді.

«Бірлік» шағынауданындағы жаңа қоныс иелерін қуаныштарымен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтап, пәтер кілтін тапсырды.

- «Самұрық Қазына» қоры Талдықорған қаласында, Панфилов және Кербұлақ аудандарында тұрғын үйлер салып береді. Бүгін сол үйлердің алғашқы легі өздеріңізге ұсынылып отыр. Өткен жылы Талдықорған қаласының өзінде 1283 отбасы баспаналы болса, биыл 1500-ге жуық отбасыға баспана кілті табысталатын болады, - деді облыс басшысы.

Мүгедек бала асырап отырған ана Гүләйім Абилхамиева - жаңа қонысқа ие болғандардың бірі.

- Үш балам бар. Кемтар баламенен он үш жыл үй кезегінде тұрдық. Бүгін қолымызға жаңа пәтердің кілті тиді. Бәрінен де баламның күтіміне жайлы болатынын ойлап, ерекше қуанып тұрмын, - дейді ол қуанышын жасырмай.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Шаңырақ күнінде» белгіленген іс-шаралар отбасы институтын нығайтуға, отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталуда. Осыған орай, облыстың аудан-қалаларында елу жыл отасқан отбасылармен кездесулер, үлгілі шаңырақ иелерімен сыр-сұқбаттар, жас отбасылар байқаулары, неке қию рәсімі, жаңа туған жас нәрестелер мен олардың аналарын құттықтау, тағы басқа іс-шаралар өткізілуде.

ЖІГІТТЕР ЖІЛІКТІ ҚОЛМЕН СЫНДЫРЫП ЖАРЫСТЫ

Наурыз мейрамына орай Петропавлдағы мектептердің бірінде жілік сындырудан алғаш рет ата-аналар мен оқушылар, ұстаздар арасында жарыс өтті. Жарысты Петропавл қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі ұйымдастырды. Оған 50 шақты адам қатысып, ептілік пен білектің күшін сынады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жілік сындыру - қазақтың көне ойындарының бірі. Оның мәні - тойдан қалған жілік сүйегін қолмен жарып, сындыру. Бұл ойын күш, төзімділік және дұрыс техниканы қажет етеді. Ежелгі уақытта жілік сындыру тек ойын-сауық қана емес, сонымен қатар, бозбалалардың күші мен ептілігін көріп, ересек өмірге дайындығын тексеру тәсілі болған.

- Кішкентай кезімде әкемнің достары келіп, осылайша жілік сындырып ойнайтын. Мен де өз күшімді сынап көрмек болдым. Бұл ойында бірінші болып ұрғандарға қиын, ал менің жолым болды, соңына қарай ұрғандықтан тез сынды деп ойлаймын, - дейді мектеп оқушысы Алихан Гусейнов.

Мектеп ұжымы бұл іс-шараны дәстүрге айналдыруды жоспарлап отыр.

ГВАРДИЯШЫЛАР ҰЛТТЫҚ КИІМ КИДІ

Ақтаудағы Ұлттық ұланның 6656 әскери бөлімі Наурыз мерекесін тойлау, әскери қызметшілер арасында ұлттық дәстүрді нығайтып, өзара татулық пен бірлікті ұлықтау мақсатында «Ұлттық киім күнін» атап өтті.

ҚР Ұлттық ұланы «Батыс» өңірлік қолбасшылығы баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұл күні әскери қызметшілер әскери формаларын шешіп, ұлттық киім киген. Іс-шара барысында әскери бөлімдегі әйел қызметкерлер сарбаздарға бауырсақ, қымыз, түрлі тәттілер әзірлеп, ұсынды.

Н. ҒАЛЫМ.

ЖЫР-ШАШУ

НАУРЫЗ-МЕЙРАМ

Ғ. ҚОЖАХМЕТ.

Болмасын тек Арудың қабағы мұң,
Жалыны байқалсыншы жанарының.
Мынау Дала сілкінер шағы туды,
Наурыз келіп қалыпты - Жаңа жылың!

Сезіледі тіршілік жұрт қамынан,
Дәстүрін, баба жолын жұрт таныған.
Егін бітік, еліңде ақ мол болсын,
Қазақ та ұлт қой әр кез құт дарыған.

Құттықтасын әркім де тұрғыласын,
Көреміз қашаннан-ақ жырды басым.
Әр үйде ақ дастарқан жайылсын да,
Қазандары қайнатсын сүрдің асын.

Наурыз көже ішілсін мерекеде,
Ұлық тұтқан ұлт соны ел екен де.
Салт-дәстүрі сақталса арда елдің,
Сонда кірер ынтымақ, берекең де.

Оянғандай жақсылық, сенім-үміт,
Қарсы ала ма Наурызын елі күліп.
Сыйластығын білдіріп сұлуларға
"Селт еткізер" жасасын сері жігіт.

Ғашықтарға бөгет жоқ жану барда,
Жетелесін арманы аруды алға.
Сергек болсын серінің сезімі деп,
"Ұйқыашар" дәм ұсынсын арулар да.

Құлпырғандай көктеммен дала бүгін,
Алып бір келгендей-ақ жаңалығын.
Құтты болсын Наурызың есік қаққан,
Құтты болсын, алаш ел, Жаңа жылың.

Болсын әр кез асылдан жиғаның ой,
Ұлыс күнде ұрпаққа сыйладың ой.
Алтыбақан тептірген ғашықтарға,
Наурыз деген - Махаббат мейрамы ғой!

СПОРТ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖЕҢІС

Сербияның Ниш қаласында өткен бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионаты Қазақстан құрамасы үшін тарихта қалатын нәтижемен аяқталды. Біздің спортшылар үш алтын, екі күміс және бір қола медальмен жалпы есепте екінші орынға табан тіреді.

Әлемнің 51 мемлекетінен келген спортшылар өзара күш сынасқан бұл додада еліміздің бокс федерациясы барлық 12 салмақта боксшыларын сайлап, әрқайсысы өз мүмкіндіктерін толық көрсетті. Бас бапкер Елдос Сайдалин мен командасының дайындықтары жоғары деңгейде болды, бұл сенімді ақтады. Әйелдер боксы әлем чемпионатында соңғы рет 2016 жылы Әнұранымыз шырқалған болатын. Ал, биылғы жеңістеріміздің арқасында 9 жылдан кейін Қазақстанның әйелдер боксы тағы да әлемдік деңгейде жоғары орыннан көрінді.

Ел құрамасының капитаны Назым Қызайбайдың әлем чемпионатындағы жеңісі ерекше атап өтуге тұрарлық. 48 келі салмақта, Париж жазғы Олимпиадасының қола жүлдегері, Ресей боксшысы Юлия Чумгалаковаға қарсы финалда жеңіске жетіп, үш дүркін әлем чемпионы атанды. Назым өзінің теңдессіз шеберлігін тағы да дәлелдеп, кәсіби боксшы ретінде үлкен жетістікке жетті. Ол 2014 жылы Оңтүстік Кореяда әлем чемпионы атанғаннан кейін, 2016 жылы екінші алтын медалін жеңіп алған болатын.

Назымның айтуынша, оның бұл жеңісі - команданың бірлігінің нәтижесі. «Бұл жеңісіміз - барша команданың, бапкерлер мен жанкүйерлердің қолдауының жемісі. Тарихи нәтижеге жеткенімізге қуаныштымын», - деді ол.

50 келі салмақтағы Алуа Балқыбекова да өз салмағында чемпион атанып, алтын медаль жеңіп алды. Финалда ол қытайлық боксшы Ху Мэйиді ұтып, әлем чемпионатындағы алғашқы алтын жүлдесін алды. Алуа өз кезегінде, өткен жарыстардағы сәтсіздіктерін жеңіске айналдырып, еліміздің үмітін ақтады.

Ал, үшінші алтын медальды Аида Әбікеева жеңіп алды. 60 келі салмақтағы финалда Таиланд боксшысы Тананья Сомунекті ұтып, әлем чемпионы атанды. Аида өз жекпе-жегінде қорғанысын мықтап ұстап, қарсыласын үздіксіз шабуылмен жеңді.

Әлем чемпионатына қатысқан басқа боксшыларымыз да үздік нәтижелер көрсетті. 60 келі салмақта Виктория Графеева ресейлік Нунэ Асатрянға есе жіберді, ал +81 келі салмақта Елдана Тәліпова қытайлық Чжан Илянға қарсы тұра алмады, бірақ күміс медаль жеңіп алды. 70 келі салмақта Наталья Богданова да қола медальға ие болды.

Сербия рингінде басқа да еліміздің боксшыларын қолдаған жанкүйерлеріміз көп болды. Жеңістерге қолдау көрсеткен барлық жанкүйерлерге алғыс білдірілді.

Қазақстан бокс федерациясының бас бапкері Елдос Сайдалин өз шәкірттерінің жеңісін жоғары бағалап, болашақта үлкен жарыстарға дайындықты одан әрі күшейту қажеттігін атап өтті. Ал, жалпы есепте Ресей құрамасы төрт алтын, бір күміс және екі қола медальмен көш бастап, Түркия құрамасы үш алтын, екі күміс және екі қола медальмен үшінші орынға тұрақтады.

Бұл жарыс Қазақстан боксының үлкен жетістіктерінің бірі болып қалады.

А. АБЫЛАШҰЛЫ.
Тараз қаласы.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментіне Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» ШЖҚ МКК 13.12.2024 жылғы №24726288 энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы өтініші келіп түсті.

Өз кезегінде, Департамент Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» ШЖҚ МКК-не «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабының 1) тармақшасында көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты электр энергиясын сатып алу жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартты.

Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» ШЖҚ МКК-сі Департаменттің бұл шешімімен келіспей, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына дәлелді бас тартуды заңсыз деп тану және күшін жою туралы 09.01.2025 жылы №11 әкімшілік талап берген болатын.

Алайда, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 24.02.2025 жылғы №4794-24-00-4/1060 қаулысымен «Ақтау электр желілері басқармасы» ШЖҚ МКК-нің дәлелді бас тартуды заңсыз деп тану және күшін жою туралы әкімшілік талабы қанағаттандырылусыз қалдырылып, Департаменттің пайдасына шешілді.

Қазіргі таңда сот қаулысы заңды күшіне енген жоқ.

Газетіміздің келесі саны 27 наурыз, бейсенбі күні шығады.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 205